



ТҰРРАЖ- ҚАЗАЛЫ

№83
(2254)
Сенбі
5 қазан
2024 жыл




Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ!



Құрметті ұстаздар!
Қадірлі білім беру саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әрбір адамның болашағының бақытты, келешегінің кемел болуы үшін сапалы білім мен тәлім-тәрбие беретін ұстаздың орны ерекше. Өйткені, адам бойындағы ең асыл қасиеттерді жас ұрпақтың санасына дарытатын ұстаздар қауымы. Сондықтан, мұғалімдер күні - қоғамдағы орны бөлек ең ұлық мерекелердің бірі.

Ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсарин «Мен үшін мұғалім бәрінен де қымбат, мұғалім – мектептің жүрегі» - деп

ұстаздардың қоғамдағы орнын ерекше атап өткен.

Жауапкершілікке толы білім беру ісінде жаңаша әдіс-тәсілдерді меңгере отырып, білім сапасын нығайтуға бар күш-жігерін жұмсаған ұстаздар қауымы, қандай болсын құрметке лайық. Осы орайда барлық ауданның білім беру саласының қызметкерлері мен ардагер ұстаздарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Қадірлі ұстаздар!

Білімді ұрпақ тәрбиелеудегі ұлы істе абыройларыңыз асқақ болсын! Еліміздің атын әлемге танытатын білімді де, талантты шәкірттеріңіз көбейе берсін! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге жеміс тілеймін!

Ізгі ниетпен,

**Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек Шермағанбет**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ



«Қарты бар үйдің қазынасы бар» -деп бекер айтпаған халқымыз. Қарты бар үйде әрқашан береке болады. Қарияларымыз бен ақ жаулықты әжелерімізді сыйлау-біздің парызымыз. Жыл сайын елімізде 1 қазан – Халықаралық қарттар күні атап өтіледі.

Осыған орай, Әйтеке би кентіндегі Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет

орталығында қарттарымызды құрметтеу үшін арнайы мерекелік шара өтті. Шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, абыз ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелерімізді мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдіріп, дендеріне саулық тіледі. Одан соң түрлі салаларда қызмет атқарған ардагер қарияларға аудан әкімінің «Алғыс хаты» табы-

сталды.

Мерекелік шарада аудан ардагерлерінен құралған қариялар мен әжелер ансамблі өнерлерін көрсетті.

Мерекелік шара соңында қарттарымызға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің арнайы сыйлықтары табыс етілді.

**Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»**

ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ

Ұстаз - келешек ұрпақты ізгілік жолына баулитын, жақсылыққа тәрбиелейтін, болашаққа бағыт бағдар беруші тұлға. Ұстазды халқымыз ежелден құрметтеген.

Мектеп - кеме, білім-теңіз. Ал, сол кемеде шәкіртпен қатар жүзіп, ұшы-қиыры жоқ теңіз толқындарына жетелейтін де ұстаз.

Ұстаз болу жүректің батылдығы. Ұстаздық ету үлкен жауапкершілік, ұшқыр ойды талап ететін мамандық. Ұстаздан тәлім алмаған жан жоқ. Ұстаздың берген білімі әрбір жанның өміріне берілген шамшырақ секілді десек артық айтқандығымыз емес.

Ұстаз еңбек жолы бастау алғаннан бастап, қаншама шәкірттерді болашаққа қанат қақтырады. Шәкірттерін өз баласындай көріп, олар ренжисе көңілін аулап, ауырса жағдайын сұрайтын, шәкірттері үшін алаңдайтын жан. Құдды бір туған анасындай дерсің. Сондықтан ұстаз қауымын құрметтеп сыйлау қажет. Жарқын болашақ пен жас ұрпақтың келешегі білімді ұстаздың қолында.

«Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан», -деп ұлы ойшыл Абай айтқандай ұстаз әрбір білім беретін шәкірттің айнасы болмақ.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

ЖАНҚОЖА БАТЫР МЕН БАСЫҚАРА, БЕКАРЫСТАН БИЛЕРДІҢ ҚҰН ДАУЫН ШЕШУІ

(Басы. Соңы 4 бетте)

Жаз жайлауы Сырдың бойы. Егін еккен ауылға жақын жерге малды, жанды Жарылғаптың аулы қоныс аударды. Жаздың басы аса ыстық болып, жердің оты сұйыла бастаған кез еді. Содан да болар жартылай отырықшы Рахымбердінің жайлауынның шаңы шыға бастады. Бірде түс ауа оннан аса түйенің ауыл іргесінде жайылып жүргенін көріп, ас ішіп, аяқ босатар Біртайдан:

-Мынау кімнің түйелері,-деп сұрайды.

Өзінде тігерге тұяқ болмаса да, өзгенің малын ендеп, түстеп беретін Біртай:

-Жарылғаптың малы,-деді.

Араға үш күн салып түйелер тағы да ауылға жақын кеп жайылды. Бұл жолы ашуға ерік берген Рахымберді белдеуде тұрған атты міне салып, түйелерді қуа жөнелді. Күн тас төбеден ауған шақ еді. Ауыл арасы шаңғытып кетті. Апыр-ай,-деп ойлады әудем жер шапқан соң,-осы жасымда түлік төресін қуып жүргенім жарамады-ау. Әлгі Қайырбек пен Біртайдың бірін неге жұмсамадым. Бірақ енді кеш еді. Ауыл арасы тым жақын. Үйінен шығып, қолын күнге көлегейлеп қарап тұрған Жарылғапты көргенде ашуы қозып, атқа қамшы басты, түйелерді де са- балап жүр. Жарылғапты ашу

буды.

-Әй, зәнталақ, малды неге ұрасың?

-Иттің малы...

-Әй, тоқта деймін. Тоқта.

-Иттің асыраған малы.

-Сонда иттің кім?

-Сен...Бәрің...

-Тоқта. Айдалада жайылып жүрген малды неге қуасың?

-Айдалада дейсің... Айдала емес, бұл менің жерім. Сені кім шақырды бұл жерге?

-Ау, ағайын емеспіз бе?

-Ағайындықтан садаға кет. Жайқалып тұрған егінге малды қаптатып...

-Егінің тіпті жақындаған жоқ қой.

-Ауылдың шетін шаңдатып...

-Қуалама деймін малды.

-Қуалаймын... Ал қайтесің. Мал керек болса, көш бұл жерден.

-Мені көшіп-қондыратын сен кім едің?

Екеуі де аттың үстінде егесіп жүр. Бірде қарсы келіп қалғанда Рахымбердінің қамшысы Жарылғаптың бетін тіліп өтті. Ол да қолындағы сойылды қалай жұмсағанын білмей қалды. Екі ауылдың адамдары да үйлерінен шығып қарап тұр еді. Рахымбердінің аттан құлағанын көрген ағайындары осылай қарай тұра жүгірісті. Әлі сабасына түспесе де Жарылғап атын кейін бұрды.

Күн ұясына қонар сәтте басындағы соққы жарасынан Рахымберді көз жұмды. Аңырап жатқан ауылда бір бөленің болғанын білген Жарылғап қоңсы-қолаңымен таң атар атпастан асыға көшіп кетті.

Рахымбердінің қайғылы қазаға ұшырағаны елге тез тарады. Намазында да адам көп болды. Көңіл айтқан ағайынға Рахымбердінің інісі Тәңірберді сазарып отырып алды.

-Құдайдың ісі де, қайтесің.

-Бәрі де Алланың жазуында.

-Құдайдың басын ауыртпаңдар, бұл Алланың емес, адамның ісі.

-Қой, Тәңірберді шырағым. Күйініп отырғаныңды білеміз, бірақ сабыр сақта. Ашу-дұшпан, ақыл-дос. Біз де «жақсы болды» деп отырған жоқпыз.

Жарылғап кешірім сұрап келмеді. Жетісінде де ол ауылдың адамдары мен ел ақсақалдары жарытып ештеңе айтпады.

Тәңірбердінің кеуіліне кек қатты. Қалайда өш алуды ойластыруда, бірақ қалай істерін білмейді.

Бір топ ел жақсыларымен бірге көңіл қосын білдірген Жанқожа батыр араға үш күн салып Тәңірбердіні Ахаттың ауылына шақырды. Оның барғысы жоқ, бармайын десе батырдан сескенеді. Амал жоқ, екі

шалды ертіп келді.

Арнайы сойылған марқаның еті желініп, дастарханға қымыз келгенде Ахат сөз бастады.

-Тәңірберді қарағым, батыр ағаның неге келгенін ішің сезіп отыр, ашуын бассын, сабасына түссін деп уақыт оздырдық, енді кеше үлдетсек тағы да оқыс оқиғаның болмысына кім кепіл.

-Тәңірберді,-деді аз үнсіздіктен соң Жанқожа батыр,- ағайынның ағат ісіне бетіміз күйіп отырған жайымыз бар. Сенімен ағайындығымызда еш кеміс жоқ. Бір арысымыздан айырылдық, екіншісі өкініштен өзегі өртеніп жүр.

-Қарабеттің көңіл айтып келуге де беті шыдамағаны ғой.

-Тәңірберді, жүрегі жаралының тілі ащы, мына шаңырақты сыйла, егесе берсе, ел кетеді. Ашуынды ақылға бағындырмасаң, елден сен кетесің. Қаншама адам басымызды иіп келіп отырмыз. Шабам десең, бас, міне. Сен асығыстық жасама, соңғы сөзді өзің айтасың. Бірақ әбден ойлан, адам бармаймын деген жеріне үш рет барады, болмайды дегеннің өзі үш рет болады. Осындай жағдай өзіңнің басыңда болмағанмен, ағайында болмасына кім кепіл?! Сен өзіңді жеңе біл.



ҰСТАЗДЫҢ ҰРПАҒЫ БОЛҒАНЫМДЫ МАҚТАН ЕТЕМІН

Менің ата-анам ұзақ жылдар білім саласында еңбек етіп, шәкірт тәрбиеледі. Әкем Ахмет Айнабек – дене тәрбиесі пәнінің, анам Жаржанова Гүлмараш – мектепалды даярлық сыныбының мұғалімі. Бала кезімізден «Мұғалімнің баласы» атандық. Сондықтан жақсы оқуға, үлгілі, тәртіпті болуға ұмтылдық.

Ата-анам өз уақытын аямай, өзгенің бақытын бағалап, саналы ғұмырларын білімге, оқуға арнады. Әкем Айнабек Сансызбайұлы Арал ауданы, «Бөген» аулының тумасы. Еңбек жолын Арал ауданының «Қосжар» аулындағы орта мектепте бастаған. Кейін «Аманөткел» елді мекеніне қоныс аударады. Ұзақ жылдар №73 орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінен сабақ беріп, шәкірттер тәрбиеледі. Жастарды спортқа баулып, тентектерін тезге салды, салауатты өмір салтын ұстануды дәріптеді. Спорттық үйірмелер ашып, жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыруға күш салды. Әкеміздің тәрбиесін алған шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Олар әр өңірден сәлем жолдап, амандығын сұрап, хабарласып тұрады. Отбасымыздағы той-томалаққа келіп, қуанышымызды бөлісіп жатады. Бұдан артық ұстазға қандай марапат, қандай құрмет керек?!

Анам Жаржанова Гүлмараш Ораққызы Арал ауданына қарасты «Қызылжар» аулында туған. Әкесі Орақ Жаржанов ұлағатты ұстаз. Анам да



әкесінің жолын жалғап, ұстаздық жолды таңдады. Еңбек жолын аулындағы балабақшада бастап, кейін Қызылорда қаласындағы алғашқы қазақ балабақшасында тәрбиеші болып жұмыс істеді. Балабақша тәрбиешілерінің сайыстарына қатысып, бас жүлдені иемденіп, мақтаулы маман атанады.

Біздің бала кезімізде бүгінгідей интернет желісі қолжетімді болмады. Соған орай оқуға керекті, сабақ барысына қажетті көрнекіліктер сирек болатын. Мектеп жасына дейінгі оқушылар кітаптан гөрі суретке, қызықты ойындарға баса назар аударатын. Әр сабағына жауапкершілікпен қарайтын анам көрнекіліктер, түрлі ойындар, аппликацияларды қолымен жасап, ертеңгі сабағына тыңғылықты дайындықпен

баратынын көзіміз көрді. Ұстаздық қызметтің қызығымен қатар, осындай «инемен құдық қазғандай» қиыншылықтарын да көңілімізге тоқыдық.

2002 жылы Аманөткелден Қазалы ауданына қоныс аудардық. Әкем Қазалы аудандық спорт мектебінде жаттықтырушы, анам Б.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияда жұмыс істеді.

Ауданымыздағы іргелі білім ордасы Е. Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейінде 2010 жылы мектепалды даярлық сыныбы ашылды. Анам алғашқы сынып жетекшісі атанып, сыныптың алғашқы қарлығаштарын қанат қактырды. Бүгінде оқушылары жоғары оқу орнын тәмамдап, өз мамандықтары бойынша еңбек етуде. Шәкірттері анама жақсы

лебізін айтып, әріп танытқан жанға алғысын жеткізіп жатады. Осындай «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген қазақ нақылы ойға оралады.

Ата-анамыз отбасындағы төрт баласын оқытты, қолымызға жоғары білім бакалавры дипломын ұстатты. Жақсы мен жаманды үйретті. Өзгенің баласын тәрбиелей жүріп, өз перзенттеріне де жақсы тәлім-тәрбие берді. Мен үнемі жақсылығымыздың бәрі – ата-анамыздан, жаман жағымыз – өзімізден дегенді басты қағида ретінде ұстанамын.

Бүгінде ата-анам Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейдің ұстаздары. Бір шаңырақ астындағы қос педагог марапаттан кенде емес. Облыс әкімінің құттықтауын, алғыс хатын алып, түрлі білім, спорт сайыстарының жеңімпаздары атанған жандар. Талай жарыстардан оқушылары да жүлде алып, ұстаз мерейін асырды.

Әкем де, анам да бала жанының бағбаны атанған, шәкірт санасына адамдық, мейірімділік сынды ізгі қасиеттерді сіңіре білген ұлағатты ұстаздар. Өз балаларын қалай тәрбиелесе, өзгенің баласын да дәл сондай махаббатпен, жанашырлықпен тәрбиелеген, білім берген деп мен толықтай айта аламын. Ата-анам да «Бізге халықтың алғысынан асқан марапат жоқ!» деп үнемі айтып отырады. Бізге берген тәлімі де, тәрбиесі де «елдің алғысы», «халықтың батасы» деген ұғымның аясында өрбіген.

Алтынгүл САНСЫЗБАЙ

АРДАГЕРДІҢ ӘҢГІМЕСІ



Мен Қазанғап Жалмұратұлын қырықтың қырқасына шығып тұрған кезінде жолықтырдым. Ұмытпасам, 1979 жылдың мамыр айы болуы керек.

Қазекең 1979 жылы «Облсельхозтехника» бірлестігі басшысының бұйрығымен Қазалы ауданы «Сельхозтехника» бірлестігінің бастығы, мен оның орынбасары болып тағайындалдым.

Қазанғап аға Жалмұратұлы абыройлы еңбегімен 1995 жылы зейнетке шығып, Қапшағай қаласына (қазіргі Қонаев) қоныс аударды. Ойламаған жерден үстіміздегі жылы Қазекеңмен жүздесудің сәті түсті.

Қазанғап Жалмұратұлы алдымен Қазалы депосында еңбек еткен жылдары терең толғаныспен есіне алды.

«Мен 1936 жылы Қазалы ауданы, Бозкөл совхозында дүниеге келдім. Қазалы қаласындағы Ф.Мұратбаев атындағы №17 орта мектепті бітіргеннен кейін Ташкент қаласындағы Темір жол қатынастары институтына оқуға түсіп, оны 1958 жылы ойдағыдай тәмамдадым. Мамандығым – инженер-механик. Еңбек жолымды локомотив депосында өндіріс шебері болудан бастадым. Аға өндіріс шебері, аға технолог, 1965 жылы локомотив депосы бастығының орынбасары қызметіне дейін көтерілдім. Негізі жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысты кіші қызметтен бастаған жөн. Себебі, еңбектің әдісін үйреніп, сатылап өсіп, ширай түседі екенсің. Ұжыммен бірлесіп еңбек етудің мәнін түсінесің. Басты мақсат – көппен тіл табысу.

Сол жылдары Қазақстан темір жол басқармасы тепловозды ТЗЗ көтеріп жөндеуді Алматы, Шу, Қазалы депосына жүктеді. 1960 жылы тепловоздарды қайта жөндеу жұмыстары басталды. Жаңадан қуатты крандар, тазартқыш машиналар, токарь станоктары алынды.

Тәжірибе алмасу мақсатында жөндеушілер, депо бастығының орынбасарлары, бас инженерлері және өндіріс шеберлері Ташкент пен Украина, Россияның қалаларына жіберілді.

Жоспарлы жұмыстарымыз өз нәтижелерін бере бастады, жөндеу жұмыстарына қатысқан қызметкерлердің жалақысы өсті.

Біздің депо ұжымының еңбек өнімділігі жоғарғы көрсеткіштерге жетті. Еңбектің алғы шебінен көрінген қызметкерлер менің есімде: Б.В.Дубинин, С.Белевич, Ф.Подгузов, Н.Богомолов, Б.Панюшкин, Р.Тухватулин, Н.Мальцев, У.Салиев, Сайфутдинов, Ж.Сисенов, Н.Байдуллаев, С.Жаншораев, А.Қожбанов, А.Қарауымбетов, Есмағамбетов, А.Катенов, тағы басқалар.

Депо басшысы Елховиков Евгений Михайлович адал, барлық қызметкерлерге бірдей қарайтын жан еді. Шаруашылыққа епті, білікті адам болды. Депо қызметкерлеріне арнап тұрғын үй, ал балаларына арнап Сырдарияның жағасынан «Чайка» пионер лагерін салдыртты.

Бірге еңбек еткен әріптестерім Грабский Марат Никифорович, Курбатов Михаил Семенович, К.Төлебаев, Н.Қозыбаев, А.Насанов, Ә.Жалғасов, А.Байдуллаев, Қ.Досмамбетов, Т.Досмамбетов, О.Лекеров, С.Бекмурзаев, Б.Рыстығұлов, К.Досмамбетов, Б.Медетов.

Елховиков Евгений Михайловичтен кейін депо бастығы Тұран

Сегізоппен қызметтес болдым.» Қазекең терең ойға шомып кеткендей, сәл үнсіздік орнады да, әңгімесін әрі қарай жалғай түсті. Жүзінен әлі күнге дейін еңбекке деген құлшынысы қайтпағандығы байқалады.

«1975 жылы Қазалы аудандық партия комитетінің шешімімен, Қызылорда теміржол бөлімшесі мен «Облсельхозтехника» басшыларының келісімдерімен мен Қазалы аудандық «Сельхозтехника» бірлестігі меңгерушісінің орынбасары қызметіне тағайындалдым. Сол кезде СТО(техикалық қызмет көрсету станциясы) К-700 құрылысы бітіп, пайдалануға берілді. Біз қажетті қондырғылар мен стендтерді, сынақ жасайтын приборларды Қазақстан аймағынан іздеп тауып, іске қостық. Ерінбей ізденгеннің арқасында К-700 тракторларына техникалық күтімнен басқа заводта орындалатын жұмыстарды атқардық. Ауданнан Қызылорда РМЗ-ға К-700 тракторларын жөндеуге жіберуді тоқтаттық. Себебі К-700 тракторының двигателі, коробалары, мостылары, труба-шарнирлерін тағы басқа жабдықтарды жөндеп стендтерде сынақтан өткізе алатын болдық.

«Сельхозтехника» бірлестігінің басшысы болып қызмет атқардым. Бұл мекеме «Сельхозхимия» мекемесі болып қайта құрылды. Осындай тынымсыз еңбектің нәтижесін егін орағы кезінде көрдік. Науқан кезінде жиі бұзылатын комбайндардың коробка, вариатор, гусиница, тағы басқа тетіктері мен аппараттарын өзіміз жөндеп, қалпына келтіріп, сынақтан өткізетін болдық.

«Вибродуговой» (діріл доға) бетін жабуды іске асырдық. База (МТС) асфальтталып, жарықтандырылды, техникалар мен ауыл шаруашылық машиналарының дұрыс сақталуына назар аударылып, оларға арнайы подставкалар жасалып қойылды. Қоймалар асфальтталып, 2-3 деңгейлі стеллаждар орнатылды. Заттарды тиеп, түсіретін тиегіш, кран балкалармен қамтамасыз етілді. Вагондармен келетін тыңайтқыштар мен химикаттарды бұрын қол күшімен

түсіретін болса, оны техниканың көмегімен атқаратын дәрежеге жеттік.

Егін егу, оны жинау кезінде шаруашылықтарға қажетті қосалқы бөлшектер түнгі мезгілде де жеткізетін дәрежеге жеттік.

Бірлескен жұмыс жоспарын уақытында орындағаны үшін, мекеме «Облсельхозтехниканың» «Көшпелі қызыл туын» бірнеше рет жеңіп алды. Біз абырой биігінен көріндік.

Ұжымда адал еңбек еткен жұмысшылар С.Орынбасаров, Н.Нащев, Ж.Мамаев, Ү.Шүкірадинов, О.Арықбаев, В.Гольц, Ш.Шүкіртаева, инженер – техниктер: Б.Алпамысов, Ө.Төлепов, Қ.Қаниев, Ө.Әлібаев, З.Лимашев, Ж.Ерғалиев, Ф.П.Пак, Д.Оспанов, Ш.Абашүкіров, А.Бисембаев, А.Шерниязов, А.Жұмағұлов, З.Жорабаев, А.Байкөбеков, Қ.Байкөбеков, Ш.Жұмахметов, Д.Жабағиев, Н.Мардарь, А.Жабағиевтің еңбегін атап өткенім жөн.

Бірнеше мамандарымыз жоғарғы қызметке көтерілді. М.Сәлімов жоғарыда айтып өткендей, орынбасарлықтан бірінші басшы қызметіне тағайындалды. А.Байкөбеков бастауыш партия ұйымының хатшысы қызметінен аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі қызметіне, Н.Аралбаев – шеберхана меңгерушілігінен мекеменің бас инженері, Қ.Көптілеуов – товаровед қызметінен баздың директоры, Бижанов – жөндеу инженерінен бірлестіктің бас инженері: қызметіне дейін көтерілді, - деп сөзін аяқтады Қазекең.

Қазанғап ағамыз ұзақ жылғы еңбегінің арқасында бірнеше медальдармен марапатталған.

Иә, ардагерлерді, жақсы адамдарға құрмет көрсету парыз. Мен өзім Қазанғап ағамен бірге қызмет атқарғанда ол кісіден көп пайдалы кеңестерді үйрендім. Менің айтпақ ойым – осы еді.

**Мұратбай СӘЛІМОВ,
Қызылорда облысының
құрметті ардагері,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы**

ЖЫЛЫТУ ПЕШІҢІЗ ҚЫСҚА ДАЙЫНБА?

Жылу беру маусымы басталысымен тұрмыстық пештерде жану оқиғалары көбейетіні бәрімізге белгілі. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін өрт қауіпсіздігінің келесі талаптары ұсынылады:

Жылыту пештері мен жүйелерінің түтін құбырлары, түтіндіктері және басқа элементтері тікелей жылыту маусымының алдында, сондай-ақ көлемінде:

1) үш айда бір реттен кем болмай - жылыту пештері үшін;

2) екі айда бір реттен кем болмай - үздіксіз әрекеттегі пештер мен ошақтар үшін тазартылуға тиіс.

Асхана плиталары және үздіксіз (ұзақ мерзімде) от жағылатын басқа пештер айына бір реттен кем болмай тазартылып тұруы керек.

Сондай-ақ отпен жылытуды пайдалану кезінде:

1) жағылатын пешті қараусыз қалдыруға;

2) жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа жанғыш заттар мен ма-

териалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;

3) қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;

4) пештерді пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарда қарастырылған жанғыш заттарды (қатты, сұйық, газ тәрізді) отын ретінде қолдануға;

5) үй-жайларда адамдардың болуымен

шаралар өткізу уақытында пеш жағуға;

6) пешті пайдалану жөніндегі нұсқаулықта белгіленген уақыттан артық жағуға;

7) жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киім, киім, ағаш) пештер мен түтіндіктердің беттерінен 0,5 м кем болатын арақашықтықта кептіруге тыйым салынады.

ЕГЕР:
- Көмірдің иісін сезсеңіз, ошақтың ауызын жауып, есік немесе терезені ашып, далаға шығыңыз.

- ал пешке от жағылмай түтіннің иісін сезсеңіз онда моржа түбіндегі немесе сылақ астындағы пешке қандайда болсын жақын салынған құрылыс ағашы қызып жатқаны. Ол өте қауіпті.

Жоғары көрсетілген талаптарды орындамау ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің баптары бойынша әкімшілік жауапкершілікке әкелетінін ескертеміз.

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі**

ЖАНҚОЖА БАТЫР МЕН БАСЫҚАРА, БЕКАРЫСТАН БИЛЕРДІҢ ҚҰН ДАУЫН ШЕШУІ

-Өзімді ұстап тұрған мен емей, кім? Жарылғап рұқсатсыз ағамның іргесіне көшіп келді. Ау, көк ұшып, көңіл түсіп отырған кезде іргеңді шаңдатып көшіп келген адамды кім жақтырады? Қарсы алып, қонақасы неге бермедің? деп те кінәлайтын да шығарсыздар. Бұл не, күш көрсеткені ме? Күшті болса, Қызылға неге бармайды? Қуаңдарияның бойын неге жайламайды? Тағы бір айтарым малына неге еге болмайды? Түйелері тіпті ауыл аралап кетті ғой. Үшіншіден, соққыға жықса, ашудан болар, бірақ өшіге ұрғаны, өлтіре ұрғаны жаныма батады.

- «Бір таяқ бата тиеді, бір таяқ қата тиеді» деген. Өлтірейін деді ме, қата таяқ тиді. Өкпеге қиса да, өлімге қимайтын ағайын ғой. Жер дауы мен жесір дауы, барымта мен қарымта қазақты шаршатып-ақ болды. Осы істің бітімін өзің айт.

-Мен не деймін. Қанға-қан.

-Астапыралла! Мынау не дейді?

-Елде жоқ ырым ғой.

-Тәңірберді, құдайдан қорық.

Жанқожа батыр үнсіз отырып қалды. Осы сөзді күткендей болып еді, бірақ көмейіне келген ашуды жұтып қойды. Ашу-әйел мен әлсіздің қаруы, айқай-бейшараның тіршілігі, асығыстық – ақылсыздық. Үйде шыбынның ызыңы ғана естіледі. Сырттан біреу келіп есікті ашып еді, суық қабақтарды көріп қайта жаба қойды.

-Тәңірберді,-деді әлден соң Жанқожа,-бұл даудың оңай шешілмесін білгенмен, бірақ мына сөзді естимін деген жоқ едім. Тоқсан бес көрейін деген жасым ба еді, быламық ішейін деген асым ба еді дегенді қай жетіскен қария айтты дейсің. Қатпа қарын сары баланың қамы үшін жүргенде, осы елдің бірлігі үшін күймеймін бе? Сен ашуға еріп беріліп отырсың. Ертеңінді ойлап отырған жоқсың. Жарылғапты қарабет дедің, ел ертең сені кім дейді? Өлтіріп кек алдың дейік, олар да қанқа-қан десе қайтесің. Ел бүлінбей ме? Қашанға дейін ашуланасың, қанша адамың қаза болғанша кектенесің? Енді сен де айтқаныңнан қайта алмассың. Онда қазақтың ежелден келе жатқан жолымен жүріп, елге белгілі екі биге жүгінейік. Бірін сен айт, бірін осы отырған ел айтсын.

-Мен Бекарыстан биге тұрамын.

-Осы жанжалға қатысы жоқ көпшілік кімді қалайды?

-Басықара би айтсын.

-Басықараны қалаймыз.

-Онда ертең таң ата атқа қонамыз. Мәселені Алайғырда отырып шешеміз. Ақа, сол жаққа кісі жібер. Жарылғап адамдарымен келсін. Менің атымнан Бекарыстан биге, Басықара биге адам жіберіңдер. Тек жігіт-желең болмасын. Ақсақал барсын. Бүгін дүйсенбі ме? Сәрсенбінің сәтті күні осы істі шешейік.

Келісім осы болды.

Араға бір күн салып дауды шешушілер, екі жақтың адамдары, елдің игі жақсылары Алайғырға жиналды. Мұнда да халық дүмеп жүр. Басықара би келісімен сыртта жүргендер үйге кірді. Бекарыстан би Жанғұтты екеуі шүйіркелесіп әңгімелесіп отыр екен. Бәрі жайғасып болған соң қолға су құйылды. Артынша дастархан жайылып, кәделі ас тартылды. Жігіттер тайпақ табаққа салынған семіз жабағының етін өткір пышақпен турап жатыр. Тәрде Басықара, Бекарыстан би, Жанқожа батыр үшеуі қатар отыр. Алғашқы екеуінің жасы қатар, Жанқожа олардан он жеті жастай кіші.

Қос биге қатар жамбас тиіп еді, екеуі де ауыз тиді де, жағалатып жіберді. Басқа жіліктер де жолымен егесін тауып жатыр.

-Жас малдың еті ғой, ас суып қалады,-деп жатыр үй иесі.

Ас тәбетпен желінді. Бұл кезде ешкім де әңгіме айтқан жоқ, тіпті соған ықылас та болмады. Алда ауыр әңгіме бар, бәрінің ойында сол тұр. Бата беріліп, дастархан жиылып, қол жуылған соң көпшіліктің назары тәрде отырған екі би мен батырға ауды.

-Құрметті билер,-деді Жанғұтты,- Жарылғап туысымыз оқыс іс жасады. Әдейі емес, бірақ адам өлімі болды. Ағайын арасына жік түсті. Азаматтың басы дауға қалғанмен, жауда қалмайды. Енді үкімді сіздер айтсын деп отырмыз.

Басықара би ұйып қалған тізесін көпке білінер-білінбес етіп жазды да:

-Ағайын арасында шешуге болмады ма? -деді.

-Рахымбердінің інісі Тәңірберді көнбеді.

-Ал, Тәңірберді, мұндай жайға билік айту емес, көңіл айтудың өзі қиын. Ауылыңа бара алмадым. Ағаңның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! Бүгінгі

билік – ек кісінің құны, әділдігін айта алмасақ, біздің өлгеніміз, әділеттілігімізге сенбесеңдер, сендердің өлгендерің. Күтімі кеткен соң ақбоз үй тозады, жасың жеткен соң дәуренің озады. Сен атым арымасын деп ар-намысты ойласаң, біз елдің бірлігін, тірлігін ойлаймыз. «Дау-бидің нәпақасы» деген де кері тартпа сөз бар. Өзім билік қылып, ештеңе алған емеспін, қайта жетпей жатқан жерлерін жеткізген кездерім болды. Біздің билігімізге сен тұрасың ба?

-Қара қылды қақ жарған кісілерсіз, бұра тартпайды деп сенемін.

-Сөздің турасын айт, тұрасың ба?

-Тұрамын.

-Жарылғап, сен ше?

-Шешімдеріңізге құлдық.

-Олай болса, бастайық, ал Бекарыстан би, сөз сізде.

-Би атанудан билік айту қиын, жарандар. Жаңылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ болмайды. Билік айтып отырып біз сүрінсек, елден бірлік пен береке кетеді. Бидің қаруы – әділдігі, сәлдесі – елдің оған деген сенімі. Ат басын тіреп келдіңдер, енді біздің амалымыз жоқ. Шешіміміз орындалмаса бізден бедел кетеді. Жарылғап, неге сойыл сілтедің?

-Ашудан көзім көрмей қалды, қалай ұрғанымды өзім де білмеймін.

-Сойылды неге ала шықтың?

-Мына Хиуа жендеттері күн бермейді. Содан дайын отырамыз. Дағды болып қалған.

-Жауға сілтеген шоқпар-батырлығың, ағайынға сілтеген шоқпар-әлсіздігің, атың шабысына қарай шапса, сен намысыңа қарай шабуың керек. Ұстамдылық аз сенде. Көкірегің текірек қағады, енді, міне, орны толмас өкінішке айналып отыр. Рақымберді аттан құлағанда неге барып көтермедің?

-Өзімнің де зәрем ұшып кетті...

-Сені де бір ауылдың үлкені дейді-ау. Жаназаға неге бармадың?

-Бетім бармады.

Бекарыстан би серігіне ишаратпен көз тастады да, сөзді Басықара би алды.

-Сен өзіңнің қаншалықты кінәлы екеніңді сезесің бе?

-Иә, адам өлтірдім.

-Сен бір адамды өлтіріп қойған жоқсың, бір үйдің шаңырағын қираттың. Әйелін жесір еттің, төрт баласын жетім еттің. Ағайынды алауыз еттің. Елағасын Жанқожаны жер еттің. Сенің

кінәң өзің ойлағаннан әлдеқайда көп. Ең бастысы сен тәубаға келген жоқсың бүгін амалсыз келіп отырсың. Бұл қалпыңмен ағайынды дауға ғана емес, жауға да қалдырасың.

Уа, халайық, біз қазір өте қиын кезеңде отырмыз. Хиуасы бар, Қоқаны бар, жан-жағымыздан жау анталап тұр. Бұндайда ең бірінші бірлік керек. Хиуа бегіне қызмет етіп жүрген адамдар да бар. Жанғазы ханын – Хиуаның зекетшісі. Міне, ең жаманы осы. «Жау жағадан алғанда бөрі етек-тен аладының» кері келмесін.

-Ал, Тәңірберді қарағым, ағаңнан айырылғаның қанатыңның қайырылғаны. Бірақ сынған жара шорланса да бітеді. Ат тұяғын тай басады. Сенің қанға-қан дегенің – ештеңеге қайырылмағаның.

Енді біз Жанқожаны араға алып ақылдасайық. Үкімді төбе басында айтамыз.

Сүт пісірім уақытта төбе басына жайылған қалы кілем үстінде алақотан отырған көпшіліктің алдында билер өз шешімдерін айтты.

Бекарыстан би Тәңірбердіге:

-Сойыл ағаңа қанша рет тиіпті,-деді.

-Бір рет.

-Онда жазым болған екен. Ашумен болған, ағаттық болған. Бірақ жаулық емес. Құн ал. Ағаңның құнын Басықара би айтады.

-Ердің құны – екі елу. Бірақ ол бөлшектеңіп кетеді, бәрін түгел алған құныкерді көрген жоқпын.

Тәңірберді, өлген адамды ешкім жамандап жатпайды, бірақ ағаңнан да аздап кінә бар. Құнға 15 түйені, құныңнан үлкен 25 жылқы, қырық тай-жабағы аласың. Жесірдің жайын жасау, балаларды жетілдіру өз мойныңда, оны ағайындылар шешесіңдер. Ал Жарылғап, айтылған малды үш күн ішінде Тәңірбердінің адамдарының алдына салып бересің. Осының барлығын бітіру Жанғұттығы тапсырылады, - деді Басықара би.

«Бір ауыз сөзбен ханды қайтарған Бекарыстан би ғой», «Басқа билер қасып айтса, Басықара басып айтады екен» «Жанқожа қара қылды қақ жарып айтады»деп жұртшылық ризашылықпен тарасты.

Бұл әңгімені Төртқараның Кәнісбегі шежіреші Разақбергген Орысбекұлының айтуымен жазып алдым.

Кәдірбек БЕКЕТ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.